

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29.05 - 02.06.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарға жауап беру; ата-аналармен ақпарат				

әңгімелесу, кеңес беру	алмасу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)		
	Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".	Үстел үсті ойыны "Лото". Мақсат-міндеттер.	«Әліппе-лотосы». Мақсат-міндеттер. Өткен дыбыстарды		

	Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін топтастырып, кімнің киімі екендігін айтады және әр киімнің атауларын атап шығады. (танымдық іс-әрекет)	қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру. Ойынның барысы. Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп беріледі. Ойын бастаушы қапшықтан текшелерін алады, әріпті ойынға қатысушыларға кезекпен береді. Карточкадағы әріпке сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол жеңіске жетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)		
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.				

	1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың.

	<i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i> Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз	«Эмоцияларды жаттықтырамыз» Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды; - орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды	Шаттық шеңбері Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз, күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)		

	Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты; - жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы-сауықтыру бағдарламасы	Жазғы-сауықтыру бағдарламасы	Жазғы-сауықтыру бағдарламасы		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				

Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) Бақылау. Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату	Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ, Аулада тұр қаптап. (Бақбақ) Бақылау. Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсіндіктерді кеңейту. Гүлдерге деген	Шықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Маржандарым тығылды, Таң атқанша ағылды. (Шық) Бақылау. «Шық» деп аталатын өлі табиғаттағы құбылыс жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Шықтың тек таң ата шығып, күн көтерілгенде еріп кететініне назар аудару. Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Қимылды ойын.		

	тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту. Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру) Кұстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың	сүйіспеншіліктерін арттыру. Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру) Балалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту. Еңбек. Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. (еңбек іс-әрекеті) Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніндегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. Өз бетімен ойындар. Айналмамен ойнау.	«Менің көңілді добым». (дене шынықтыру) Доппен ойнау әдістерін бекіту, қимыл-қозғалыстарын дамыту ептілікке баулу. Еңбек. Ауылдағы жұмыс. (еңбек іс-әрекеті) Өсімдіктердің солып кураған жапырақтарын алып тастау. Қолданған еңбек құралдарын ретке келтіріп өз орнына қоюға дағдыландыру. Өз бетімен ойындар. Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. (дене шынықтыру)		
--	--	--	--	--	--

	білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау. Еңбек. Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру.	(дене шынықтыру) Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау.			
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін				

	орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i> Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша". Мақсат-міндеттер.	Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер.	Сюжетті-рөлдік ойын. "Мектеп". Мақсат-міндеттер.		

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың түсінігінде балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс жасайтын мамандардың құралдары (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы). Шарты. Балалар балабақша қызметкерлерін өз	Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына,	Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Үстел мен орындықтар; оқу		
---	--	--	---	--	--

	еркімен тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды тандап алады, белгілі бір бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаяуына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді істейтінін анықтап, балалардың орнын алмасуын бағыттап жатады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер. Шарты. Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын-ала қарап, мұғалім мен оқушылар жайында әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында мұғалімнің рөлін педагогтің өзі		
--	--	---	---	--	--

	әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	әрекеті)	ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)		
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын. «Ғажайып нүктелер». Нүктелерді қосып гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып қар ұлпасының	"Кемпірқосақтың түстері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін	Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не		

	суретін шығарады. (шығармашылық іс-әрекет)	жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. (шығармашылық іс-әрекет)	керек?! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың.				

	<i>Салт-дәстүр. Ауыз тию</i> Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын

түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.

Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.

Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.

Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.

Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-**

	әрекеті) Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Балаларының жетістігі жайлы ата-аналарына айту; үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу.